

«Жетіарал мектеп- балабақшасы»кешені» КММ

Хаттама №2

Қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы өтті.

«23 » желтоқсан 2022 жыл

Жетіарал ауылы

Катысқан: 9

Катыспаған:2

Катысушылар:

1. А.Әмірбекова – Жетіарал ауылыдық округінің әлеуметтік қызметкері, қамқоршылық кеңес мүшесі. – қамқоршылық кеңес төрайымы
2. Ж.Мурзабекова – Жетіарал ауылдық округінің бас маманы, қамқоршылық кеңес мүшесі.
3. А.Дүнгененова – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі.
4. А.Дукенобаева – ата - ана, қамқоршылық кеңес мүшесі.
5. А.Тұрабаева – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі.
6. Б.Ариноваа – ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі.
7. К.Калекенова- ата-ана, қамқоршылық кеңес мүшесі.
8. Г.Тапирирова - ата -ана, қамқоршылық кеңес мүшесі
9. С.Набиева – ата- ана, қамқоршылық кеңес мүшесі

КҮН ТӨРТІБІНДЕ

1. Жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен аз қамтылған жанұяның балаларын мерекелік іс – шараларға және оқу жылының екінші жартысында ыстық тамақпен қамтылуын қамтамассыз ету.

2. Кеңес мүшелерінің жаңа жылда қосымша ұсыныстар мен піріклерін ортага салу.

ТЫҢДАЛДЫ

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Жетіарал мектеп - балабақшасы кешені ұсынып отырған, 36 оқушы берілген еken оның 20 бала көп балалы отбасынан және 16 бала әлеуметтік жағынан аз қамтылған балалар еkenі анықталып отыр, осы аталған балалар бір уақытлы ыстық тамақпен қамтылуы қанағатталуы сұралды.

ЖАРЫС СӨЗ:

1. А.Әмірбекова - Жетіарал ауылыдық округінің әлеуметтік қызметкері, қамқоршылық кеңес төрайымы.. Аталған отбасылар 2020 – 2021 жылға дейін МАӘК алатын отбасыға жатқандықтан бір реттік тегін тамақ ішіп журген. Соган орай мен бір реттік тегін ыстық тамақ ішүіне қарсы емеспін.
2. А.Дүнгеннова ата –ана, қамқоршылық кеңес мүшесі. Бұгінгі отырыс барысында 2022 оқу жылында мениң өзімнің бір баламда қамтылып отыр және басқада қамтылмаган

Балалар болса қосып, толықтырып бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтылуына қарсы емес екенін айтты.

3. Ж.Мурзабекова – Жетіарал ауылдық округінің бас маманы, қамқоршылық кеңес мүшесі. Бұгінгі онлайн отырысында өте өзекті мәселені қозғап отырсыздар. Менің ойымша 6 сынып оқушысы Қажымұратқызы Аяла және 9 сынып оқушысы Бағдатов Шыңғыс бір реттік тегін ыстық тамақпен міндетті түрде қамтылуы керек, қарсылығым жоқ.

ШЕШІМ

1. Қамқоршылық кеңес мүшелері ұсынған көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған жетім, жартылай жетім балалардың бір уақытылы ыстық тамақпен қамтылуы қамтамассыз етілсін.
2. Осы ұсынған оқушылардың ыстық тамақпен уақытылы қамтылуына бақылау – басшылық жасау осы мектептің әлеуметтік педагогы Ш.Тоқтароваға міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  А.Әмірбекова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:  Ш.Тоқтарова

«Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» КММ-шің жанынан құрылған

қамкоршылық кеңесі отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

Откен күні: 02.03.2023 жыл.

Откен орыны: Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Жетіарал ауылы, «Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» КММ ғимараты

Қатысқаны: 8

Қатыснаганы: 3 адам 1.Тұрабаева Ардақ-(аудандық аурұханада ем қабылдан жатқандықтан денсаулығына байланысты қатыспады).

2 Калекенова Қаламқас-(декреттік демалыста)

3.Дакеров Қайрат-(облыстан тыс жерде жеке жұмыстары бойынша жүргендіктен ватсан желісі арқылы байланысқа шығады.)

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» коммуналдық мемлекеттік білім беру үйімін дамытудың перспективалық жоспарын және директорының бос лауазымына кандидаттың кандидатурасын қарau.

Кандидат: Камитжанов Серик Карагаевич.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қамкоршылық кеңес төрайымы: Амирбекова Аяулым.

Бүгінгі отырыста қаралатын күн тәртібіндегі мәселе: «Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру үйімін дамытудың перспективалық жоспарын және мектеп директорының бос лауазымына кандидаттың кандидатурасын қарau.

«Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының бос лауазымына жарияланған конкурсқа сай Тарбағатай ауданы бойынша білім болімі жанынан құрылған конкурстық комиссия кандидат Камитжанов Серик Карагаевичтің құжаттарын «Мемлекеттік білім беру үйімдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандығы №57 бүйрігінде сәйкес мектептің қамкоршылық кеңесіне қатынас жіберді. Осы қатынасқа байланысты бүгінгі отырыс шақырылып, күн тәртібінде аталған кандидаттың білім беру мекемесін дамытудағы перспективалық жоспары талданып, таныстырылып, аталған кандидатты осы конкурстың алдагы кезеңдеріне қатысуына кеңес мүшелерінің келісім беруі қарастырылмақ.

Сондықтан бүгінгі отырыста Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің №355 бүйрігінде көрсетілген қамкоршылық кеңесінің жұмысының қагидаттарын басшылыққа ала отырып, кеңес мүшелері кеңесе отырып ауылымыздагы білім беру мекемесінің заманауи дамуына біршама

өзгерістер әкелетін жоспарымен танысып, өз ұсыныстарымызды ортага саламыз деген ойдамын. Мектепті дамытудағы перспективалық даму жоспарымен таныстырыу үшін кандидат Камитжанов Серик Карагаевичқа сез береміз.

Мектеп директорына кандидат Камитжанов Серик Карагаевич:

Негізде: Білім туралы Қазақстан Республикасының заңы. Қазақстан Республикасында 2027 жылға дейін білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы сонымен қоса мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың орта техникалық және кәсіптік орта дейінгі білім беруді сондай-ак жоғары және жоғарғы оку орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативті қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы Қазақстан Республикасының Білім және Гылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №597 бұйрығын негізге алдым.

Бұндагы негізгі мақсатым: орта құрушы факторлармен жаңа формадағы педагогикалық контингенттің оку мен өзін-өзі жетілдіруге ынталы оқушылардың ортасын қалыптастыруға ықпал етуші, инновациялық органдың даму жолдарын айқындау және оқушылар, мұғалімдер, ата-аналармен қоғамдастық арасындағы тығыз байланысты орнату. Бұндагы алатын міндеттемеміз: Білім мазмұны саласында вариативті білім беру бағдарламаларын дамыту жолымен білім беру үдерісін әр тараптандыру, оқушыларға қол жетімді салалы білім беру қызметтерін көрсету. Білім беру үйімі ретінде Шығыс Қазақстан облысы Білім басқармасы Тарбагатай ауданы білім бөлімі мектеп коммуналлық мемлекеттік мекемесі қызмет етуімен қызмет үлгісін, дамуын қамтамасыз етуші нормативтік, құқықтық, үйымдастыруыштық, педагогикалық ғылыми әдістемелік психологиялық-педагогикалық жағдаяттар жүйесін құру. Білім мазмұнын іріктеу және жекеленген пәндерді терендептік оқытын сыныптармен 5-ші сыныптар үшін бағдарламалар әзірлеу. Элеуметтік және педагогикалық талаптарға барынша сай келетін инновациялық технологияларды менгеру. Оку жоспарына вариативті оку есебінен білім беру қызметтерін тізімге бекіту. Оқыту мен тәрбиелеу сабактасын қамтамассыз ету. Білім алушылардың білімге деген және шығармашылық сұраныстарын барынша қанағаттандыру, жағдайларын жасау. Тәрбие жұмысы жүйесін жетілдіру, оқушының танымдылық белсенділігін-зияткерлік қабілеттерін өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту. Оқушының өзін барынша толық іс жүзінде танытылуына жағдай жасау, жетістікке жету ынталын арттыру, элеуметтік бейімделу деңгейімен өзара карым-қатынас мәдениет деңгейін көтеру, оқушының әлеуметтік мәселелерін шешуге деген қабілеттерін қалыптастыру, оқушының жағымды тұжырымдамасын қалыптастыру және бекіту.

Денсаулық сақтау саласында оку тәрбие үдерісіне денсаулық сақтау технологияларын енгізу, білім алушылардың салауатты өмір салты дағдыларына деген сұраныстарын қалыптастыру.

Кадрлық саясат саласында педагогикалық ұжымның инновациялық қызметін жалғастыруға деген ынтысын қалыптастыру, педагогтердің кәсіптік шеберлігін арттыруын жаңа нысандарымен тәсілдерін іздеу, мектеп қызметкерлерін барлық санаттарын акпараттық технологиялар саласындағы біліктілігін қажетті деңгейіне жетуін қамтамассыз етуін білім беру жүйесін басқару саласында білім беру ортасын құру ұдерісін корпоративтік басқару механигін әзірлеу жеке білімге деген және мәдени сұраныстарын қалыптастыру және даму барысында білім алушылардың сауатын қамтуы, сүйемелдеу ретінде тьюторлық технологиясын енгізу. Мектептің даму идеяларын іске асыруын қамтамассыз етуі қабілетті басқару жүйесінің жаңа құрылымын әзірлеу және енгізу. Жаңа үйымдастырушылық нысандар құру мемлекеттік қоғамдық басқаруын жаңа субъектілерін енгізу, олардың өкілеттіліктерін белгілеу білім беру үйымының үйымдастырушылық құрылышында сүйемелдеу қызметтерін ары қарай дамыту және жетілдіру. Ғылыми зерттеу қызмет компонентін міндettі түрде қосу және жогару оку орнындағы қызметкерлерін тарту арқылы кафедралардың жұмысын нәтижелілігін арттыру.

Психологиялық-педагогикалық мониторинг жүйесін құру. Тұлғаны тәрбиелеуде білім беру рөлін арттыру, білім беру ұдерісінде қатысушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамассыз ету.

Қаржылай және материалдық техникалық қамтамассыз ету саласында қаржы құралдарының қозғалысын жоспарлау және бақылау механизмін қалыптастыру, қосымша қаржы көзін тарту бұған бюджеттен тыс қаржы демеушілік жасайтын тағыда басқа адамдарды тарту. Сонымен қоса инновациялық мекеменің сұраныстарын іске асыру мақсатында материалдық техникалық базаны нығайту, білім беру үшін компьютерлендіру аудио визуалдық құралдарды, кеңсе, техникалық оку корнекілік құралдарын сатып алу, білім беру ұдерісінің мақсаттарына және санәпид нормаларына жаңа жобаның жабдықтарына сәйкес оку кабинеттерімен гимараттарын интерьерін уақытылы жаңарту. Енді бұл мектепте бұл жаңа бірақ дегенменде әр нәрсенің өзінің тозу уақыты болады, сол тозған уақытында уақытымен сұранытар жасау керек.

Іске асыру мезімдерін мен 3 кезеңге бөлдім: Ол бірінші 2023-2024 оку жылында, екінші кезең 2024-2025 оку жылында, үшінші кезең 2025-2026 оку жылында.

Жалпы осы күтілетін нәтижелерге тоқтайтын болсам, білім беру мазмұнды саласында бәсекелестік қабілеттіліктерді қамтамассыз етуші іске татитын шығармашылық зиялды тұлғаны қалыптастыру мен дамытуды қамтамассыз етуші білім беру ортасын құру, пәндерді менгеру мақсаттарымен міндettterін бағалау, өсу жактарынан құрылған сынни бағалау үрдісін енгізіп және пәндер аралығында оларға жету деңгейлерін, өлшем шарттары баллдарын 5 баллдық меже бойынша бағага ауыстыру межесін

сипаттау, білім алушылардың тәрбиелік деңгейін арттыру, бейімдік оқыту икемді жүйесін болуы, білім алушылардың өз бетімен білім алынының қажетті шарты көзін атқаратын ғылыми ойлау стилін қалыптастыу, олимпиадамен шығармашылық крнкурстарының женімпаздарының санының артуы, мектепте ерекше ұлгідегі аттестатпен бітірген түлектер санының артуы, кәсіптік білім беру үйымына түскендердің бәсекеге қабілеттерін арттыруға, ықпал ету, жаңа пәндерді, факультативтерді, курсарды. Үйірмелерді дамыту сағаттарын енізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту, білім алушылардың деңсаулығын нығайту, окушылардың деңешшынықтыру, спорт және салауатты өмір салтын құндылықтарына он қоз қарас. Түлектердің коммуникативтік және әлеуметтік деңгейін көтеру, мектептің тәрбие жүйесін жетілдіру, мазмұны тұлғалық бағдарлау қағидаттарын ізгілендіру мен қоғамданыру мәдени сәйкестіктің негізінде құрған авторлық оку бағдарламаларын әзірлеу. Ата-ананың бала тәрбиесі үшін жасапкершілігін арттыру.

Жалпы басқару саласы бойынша мектептің қамқорлық кеңесін құру, білім беру үйымынң басқарушылық және үйымдастыруши жүйесін нақты құррылмдау, педагогикалық жүйешің әр бір компонентінің функционал орынын айқындау, жекеленген пәндерді терндегіп оқытын сыныптарда жұмыс істейтін мұғалімдерді, сынып жетекшілерін ынталандыру жүйесін қалыптастыру, білім беру қызметне деген сұранысты және мектептің олардың қанағаттандыруы туралы окушылардың ынъасы туралы, мұғалімдердің кәсіптік деңгейі туралы деректер банкінің болуы, басқару жүйесін ақпараттандыру. Бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары, окумен және окудан тыс қызметте замауди ақпараттық технологияларды қолдануга жағдай жасау мектептің компьютерлік техникасын 100 %- га жарықтандыру және үнемі жаңартып отыру, кітапхананың кітап және электрондық қорын толықтыру. Оку үдерісінде жоғары технологиялық оку құралдарын электрондық оқулықтарды, әдістемелік және дидактикалық оку құралдарын енгізу, сонымен қатар мектеп окушыларының өзінің ғылыми зерттеу, жобалау қызметіне жағдай жасау. Мектептің оку-ғылыми қызмет жұмысын жетілдіру, пәнаралық олимпиадалар, онкүндіктер, ғылым күнінде ашық түлек байқауын жетілдіру, дарынды балалармен олармен жұмыс істейтін педагогтерді қолдау, мадақтау, мектеп окушылардың үздік добаларымен жыл сайынғы жинағын шыгару. Мектептегі төтенше жағдай және қосымша білім беру жүйесін жетілдіру, мектептің өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру, тюторлық институтын іске асыру бұл тюторлық институт дегеніміз жетекші және тәлімгер деген магынаны білдіреді. Қызығушылықтарды, қабілеттіліктері, кәсіптік бағдарлары, әр түрлі окушылардың шығармашылық әлеуетін іс жүзінде тануга жағдай жасау, спорттық сауқтыру бағытындағы қосымша

білім беру жүйесіндамыту, әкелер кенесін құру, ата-аналар жиналыстарын өткізудің жаңа нысандарын енгізу.

Әлеуметтік серіктестік бойынша мектептің білім беру жүйесіне әлеуметтік тапсырысты зерттеу, отбасында балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін шешуде тарту бойынша ұсынымдар әзірлеу, мектептің өзге үйымдарымен жоғары оку орындарымен серіктестік туралы шарт жасау.

Балалар денсаулығын сактау және ныгайту бойынша мектептің жұмыс жүйесін жетілдіру, окушының денсаулығына мүкият карау, мектептің медициналық, психологиялық-педагогикалық, әкімшілік қызметтермен жұмысын үнемі назарда ұстау, окушылардың денсаулық жағдайына тұракты мониторинг жүргізу, мұғалімдердің косымша білім беру, неадгогтердің, окушылардың кабинеттегі, спорт залдағы, шеберханадағы қауіпсіздік техникасымен енбек корғауды үйымдастыру бойынша мектепшілік бакылау. Денсаулығы әлсіз балаларды медициналық, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді үйымдастыру, мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке білім беру бағыттарына сәйкес оқыту. Мектептің материалдық техникалық базасын жетілдіру.

Мектептің даму жоспарын сіздерге айттып өттім. Нәтижесіне қарай әліде өзгерту мен толықтырулар енгізіліп отырады. Ол жұмыс барысында егер осы мектепке мен басшы болып тағайындалып жатсам.

Қамқоршылық кеңес торайымы Амирбекова Аяулым.

Мектеп директорына кандидат Камитжанов Серик Карапаевичтың білімі жоғары, басшылық қызметте 15 жыл еңбек өтілі бар. Кандидат болашакта осы мектепке директор болып тағайындалған жағдайда атқаратын жұмыс бағдарламасымен таныстырып өтті. Комиссия мүшелері кандидаттың даму жоспарын бірауыздан мақұлданап, келесі сұрақтар қойылып, жауаптар қайтарылды. Кандидатқа қоятын сұрақтарының болса қоюға рұқсат:

1. Қамқоршылық кеңес торайымы Амирбекова А. Сіз болашакта басшы болған жағдайда оку-тәрбие жұмысындағы басты ұстанымыңыз қандай болмақ?

Тындалды:

Ең бірінші басты ұстаным тәрбие. Әль –Фараби атамыз айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім, білім болмайды» деген сондықтан ең бірінші қазақтың ұлттық құндылықтары жоғалып бара жатыр, қазір барлық жерге алға мақсат қойып енгізіп жатыр. Ең бірінші тәрбие керек.

2. Қамқоршылық кеңесінін мүшесі: Рахымбеков Ерасыл Серік Қаратайұлы Алаш арыстарының мынандай бір сөзі бар. «Елге қызмет ету білімнен емес, мінезден»- деген қазіргі уақытта сол сөздің маңыздылығы неде деп ойлайсыз?

Тындалды:

Әрине, өте маңызды адамда мінез болмаса ешқандай үжымды басқара алмайды деп ойлаймын. Кез-келген адам әр түрлі мінезде коллективпен, балалармен, ата-аналармен жұмыс істеу үшін мінез керек. Тұрақты мінез болуы керек.

3. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Мырзабекова Жадыра Атана мен өзара жақсы ахуалды қалай қалыптастыра аласыз?

Тыңдалды:

Ең бірінші ата – анамен жақсы ахуалды қалыптастыру деген, ол ата-ана үнін тыңдай білу керек. Өйткені әр түрлі ата – ана бар. Баласын жақсы көрмейтін ата-ана жоқ. Балалармен жұмыс істеген кезде ата-ананың да үнін тыңдай білу. Менің бағдарламамда айтып кеткендей үш жақты жұмыс істеу тиімді жұмыстың тәсілі болып табылады. Ата-анамен мектеп, окушы.

Қамқоршылық кеңес төрайымы Амирбекова А: Кандидат Серик Каатаевичтің перспективалық жоспары туралы және кандидатурасы туралы өз пікірлерінізді айта отырсаңыздар.

Жарыс создер:

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Исмагұлова Айнур. Менің ешқандай қарсылығым жоқ. Осы кісі лайықты деп ойлаймын. Ер адамның басшы болғаны жөн.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Рахымбеков Ерасыл: Үміткер Серік Каатайұлы сіздің даму жоспарыңызben толықтай таныстық. Осы жоспарлардың бөлімдері бойынша жұмыстар жасалатын болса, осы мектепте білімді маман, білімді оқушылар болады деген сенемін. Қолдаймын сізді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Мурзабекова Жадыра: Мен көпбалалы анамын, осы мектепте балаларым оқиды. Серик Каатаевичтің осы алдағы жұмысында жақсы істер атқарады деген ойдамын. Серик Каатаевичтің кандидатурасын қолдаймын.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі :Дүнгенинова Айнур. Қолынан іс келетін шебер, өнерлі адам. Алдағы уақытта барлық жоспарларды іске асырады деп ойлаймын. Мен қолдаймын, келісемін.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі: Дүкенбаева Ақмарал: Менің осы мектепте балаларым оқиды. Ата-ана ретінде мектептің даму жоспарларының орындалатынына сенемін және осы мектептің директорлық лауазымдылық орынға конкурсқа түсуші Камитжанов Серик Каатайұлының кандидатурасын қолдаймын.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Аринова Бибигүл: Ата-ана ретінде Серик Каатайұлын директорлық қызметке лайық деп санаймын. Жоспарымен таныстым лайықты деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Набиева Сандугаш: «Жетіарал мектеп-балабақшасы»кешені»КММ мектеп директорының лауазымдылық

бос орнына кандидатурасына конкурсқа түсуші Камитжанов Серик Қаратайұлының кандидатурасын қолдаймын және келісемін. Білім беру бөліміне конкурсқа жіберілсін.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Дакеров Қайрат: Серік Қаратайұлына сәттілік тілеймін қолдаймын деді.

Қамқоршылық кеңесінің төрагасы Аяулым Амирбекова: Мен қамқоршылық кеңесінде 2023 жылдан бері істеп келемін. Мектеппен тығыз қарым-қатынастамыз. Әртүрлі іс-шараларға, қамқорлық акцияларына қатысып отырамыз. Мектепте өте жақсы шаралар өткізіліп тұрады. «Отбасы-бақыт мекені» онкүндікке белсene қатыстық. Ел басқара алатын азамат. Алдағы уақытта кандидат директордың лауазымдық орнына тағайындалған жағдайда, осы жоспарды іске асырады деп сенім білдіремін. Жоспардың мақсаты, оны іске асыру әрекеті жақсы қойылған. Мектептің дамыту жоспары жақсы жасалған деп ойлаймын. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес отырысын қорытындылай келе төмендегі шешім шығарылады.

Шешім:

28 ақпан 2023 жылы жолданған аудандық білім беру бөлімі жынынан құрылған конкурстық комиссияның катынасы негізінде «Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жынындағы қамқоршылық кеңесінің 02 наурыз 2023 жылы №3 отырысында «Жетіарал мектеп-балабақшасы» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының бос лауазымдық орнына конкурсқа кандидат Камитжанов Серик Карапаевичтің перспективалық жоспары «қанағаттанарлық» деп бағаланып, мектеп директорының бос лауазымына кандидат Камитжанов Серик Карапаевичтің кандидатурасы Тарбағатай ауданы бойынша білім беріліміне конкурсқа жіберілсін.

Осы шешім бірауыздан макұлдансын.

Шешімді қолдағандар – 9 адам.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Кеңес мүшелері:

Аяулым Амирбекова

Шырайлым Тоқтарова

Мурзабекова Жадыра

Исмағұлова Айнұр

Дүнгененова Айнұр

Дукенбаева Ақмарал

Аринова Бибигүл

Набиева Сандугаш

Рахымбеков Ерасыл

Қайрат Дакеров

Whatss up-пен қатысқан: